

MƏLƏKİMƏT

Құран және Пушкин

Пушкинтану парақтары

Пушкин мұрасының зерттелу ауқымы кім-кімді де таң қалдырмай қоймайды. Қазір Пушкинтану бөлек ғылым деңгейіне жақындап қалды десе де артық айтқандық емес. Ақынның бір өлеңі туралы жазылған тұтас кітап, жалғыз жырын талдаған диссертациялық жұмыс дегендеріңіз толып жатыр. Мысалы, академик М.П.Алексеевтің «Стихотворение Пушкина «Я памятник себе воздвиг нерукотворный» (Л., «Наука», 1967 г.) атты кітабы көпке мәлім. Сол зерттеушінің «Ремарка Пушкина «Народ безмолвствует» деген көлемді мақаласы («Пушкин. Сравнительно-исторические исследования», Л. «Наука», 1984 г.) «Борис Годуновта» тіпті сахнадан естілмейтін бір ауыз түсіндірменің сыр-сипатын жеріне жеткізе айтып, жіліктей шағып тұрып талдап береді. Ақын мұрасының соншалықты мұқият зерттелгені сондай, егер қазір Пушкиннің академиялық басылымдарындағы бір сөзді түзетін жазудың қажеттігін дәлелдеген бір мақала жариялана қалса, ол әдебиеттану әлемінде ашық күнгі найзағайдай оқиға болар еді. Демек, Пушкиннің шығармашылығын сөз еткен адамның дәл қазір қаншама талпынып, талмай-танбай тырбанса да соныдан соқпақ салып, тыңнан түрен түсіріп кете қоюы неғайбыл. Тіпті, ақын шығармаларын оқи-оқи келіп, «Ақыры бір тосын ой түйдім-ау» дегеннің өзінде ол ойдың бұған дейін еш жерде, еш елде, еш тілде айтылмағанына кепілдік ету қиын. Ақын жайында жарияланған мыңдаған мақалалардың арасында дәл сол тақырыпты қозғаған, онымен қоймай дәл сол қырынан қозғаған, тіпті дәл сол ойды айтқан автор табылуы әбден мүмкін. Өйткені, бүгінгі таңда Пушкинге қатысты дүниені түгел оқып шығу дегеніңіз ешкімнің де қолынан келмейтін нәрсе. Ақын жайында жазылған кітаптардың, мақалалардың көптігінен басыңыз айналып, көзіңіз тұнады. Бір мысал айталық. «Библиография произведений А.С.Пушкина и литературы о нем. 1937-1948 г.г.» деген жинақта (Издательство Академии наук СССР. М.-Л., 1963 г.) ұзын саны 7012 кітаптың, зерттеудің, рецензияның, мақаланың аты тіркелген, жарияланған басылымы көрсетілген. 747 беттік бұл кітап небәрі он жылды, оның өзінде елде баспа да көбейе қоймаған, газет-журнал да аз шығатын отызыншы, қырқыншы жылдардағы он жылды қамтығанын, оған облыстық, аудандық газеттердегі жарияланымдар енбегенін, ең бастысы – шет тілдердегі, Кеңес Одағының ұлт тілдеріндегі дүниелердің атымен сырт қалғанын ескерсеңіз, пушкиниананың алапат ауқымын өзіңіз де аңғара аласыз. Қалайда қыжыртып сөйлемесе қыбы қанбай қалатын Иосиф Бродскийдің уақытында: «Кеңес дәуіріндегі әдеби тыныс-тіршілікте Пушкинтанудың үлес салмағы орасан үлкен-тін. Ол кезде әдебиеттанудың жолы болып тұрған жалғыз саласы осы Пушкинтану еді», деп күңкілдеп жүргені де содан шығар. Бұл арада біз дәтке қуат ететін бір ғана жай бар. Ол – Әуезовтің «Ойдың» өзі бұрын айтылған ой болуы әбден мүмкін, ал сол ойды өзіңше айта білудің өзі

шеберлік», деген ұлағатты пікірі. Қазіргі кезде Пушкин сынды әлемдік ауқымдағы тұлғаларға тек өз тұрғымыздан қарап, төл мәдениетімізге тікелей қатысты қырын әңгіме етсек ғана соны сөз айта алуымыз мүмкін. Мәдениеттанушылық тұрғысынан Пушкиннің эстетикалық көзқарастарын өзара құрамдас үш бөлікте талдап, үш жолмен сөз етуге болар еді.

Бірінші жол – Пушкинді мәдениеттің қайталанбас құбылысы ретінде қарастыру жолы. Өзінің тұсындағы әдеби стильдердің бәрінен де оқшау шыға білген ақын ешқандай дәстүрлі қалыпқа сыймайтын өзгеше өнер жасай алды. Пушкиннің өлмес, өшпес өлеңі арқылы бүкіл халықтың көркем сөзге деген ынтызарлығы оянды. Он тоғызыншы ғасырдың орыс әдебиетінің алтын ғасыры болып жүргенінің басты сыры Пушкиннің ұлы шығармашылығында жатыр. Бұл жолмен жүріп өту әрі оңай, әрі қиын. Оңай болатыны – тау-тау әдебиетті ақтарып, арасынан қажетіңізді теріп ала бересіз. Қиын болатыны, жоғарыда айтқанымыздай, олжаға ілігу, қазынаға жолығу мүмкіндігі әбден шектелген.

Екінші жол – Пушкиннің тағдырын сөз ету арқылы ақын өнерінің эстетикалық болмыс-бітімін ашу жолы. Пушкиннің тағдыры деген ұғым оның ғұмырбаянының ауқымынан анағұрлым асып түсіп жатады. Данышпандық пен көркемдікке көмкерілген кемел туындыларын былай қойғанда, оның бүкіл өмірінің өзі өнер туындысы деңгейіне көтерілген деуге болады. Бұл жолмен жүрсеңіз де тұяқкешті сүрлеуге түсіп кете бересіз. Қазіргі таңда ақынның өмірі күн-күнімен баяндалып бітті деуге келеді.

Үшінші жол – Пушкинді ақылман-мәдениеттанушы ретінде қарастыру, ақынның эстетикалық көзқарастарын оның өзінің әдебиет пен өнердің туындыларына, тарихтың, философияның сан қилы салаларына орай айтқан ой-пікірлері арқылы танып-білуге тырысу жолы. Бұл жол да әбден шиырланған. Сондықтан кейінгі кезде ұлы ақын мұрасын зерттеушілер оның эстетикалық көзқарастарын поэзиялық, прозалық, драмалық туындылары арқылы тануға, танытуға тырысып жүр.

1997 жылы жарық көрген «Культурология. XX век» деген сөздікте былай деп жазылыпты : «Культурологическая же мысль может свободно принимать или включать в себя литературно-художественные, религиозные и обыденные формы, не утрачивая своей органичной причастности к культурологии, существующей в различных вариантах саморефлексии культуры. Культурологическая мысль никогда не может до конца избавиться от «рудиментов» культурного синкретизма и отлиться в законченные формы чистой научности». Жаңағы кітапта мұнан әрі адамзаттың көркемдік ойын тереңдете түскен «Фауст», «Евгений Онегин», «Ағайынды Карамазовтар», «Крейцер сонатасы», «Доктор Фаустус», «Доктор Живаго» сияқты дүниелер де Шопенгауэр мен Кьеркегордың, Фейербах пен Ницшенің, Шпенглер мен Бердяевтің, Шестов пен Камюдің, Хайдеггер мен Фуконың философиялық еңбектері сынды мәдениеттанушылық ойдың жәдігерліктері деген ой айтылады.

Орынды сөз. Эстет болу үшін эссе жазу шарт емес. Әсіресе, «бүкіл ақындық болмысы күміс қоңыраудың үніндей күй-әуезден, көздің жауын алатындай сиқыр сұлулық пен өңкей жарасымнан тұратын» (Ә.Кекілбаев) Пушкиннің эстетикалық көзқарастарын оның сыни мақалалары мен эпистолярлық мұрасынан ғана іздеуге әсте болмайды. Осылай дегенде әдебиеттанушы атаулының әдетте алдымен ауызға алатыны – атақты «Пайғамбар» өлеңі. «Пайғамбарды» Пушкин 1826 жылы, 8 қыркүйек күні жазған. Соның алдында ғана айдаудан құтылып, Мәскеуге, достарының арасына жеткен, барысымен салтанатты қабылдауда болып, жұрттың қошеметіне бөленген, өзінің қадыр-қасиетін жаңаша таныған ақынның шабыт буып, нағыз экстазжағдайында жүрген ғажайып бір шағы еді. «Пайғамбар» – бүгінгі тілмен айтсақ, Пушкиннің бағдарламалық жыры. Бұл өлеңде ол әзелден хақ тағаланың бұйрығымен ақындық қонған адамның өзге жұрттан алабөтен қасиеті болатынын, сол илһам қуатын майда-шүйдеге шашып-төкпеу, арындап жүріп арзандап қалмау керектігін айтады, өмір бойы жалпақ жұрттың жүрегін жалын жырымен жандырып өтуге тиістігін жеткізеді дейміз әдетте. Солай. Оған дау жоқ. Мұны дәлелдеудің өзі артық. Осы тақырыпқа жазған жырларында ақын көбіне-көп антика дәуірінің мифологиясына арқа сүйеп, музалар, Парнас, Аполлон сияқты бейнелерді арқау етсе, бұл жолы ол діни мифологияға бет бұрады. Жұртшылыққа кеңінен танымал «Ақын» өлеңіндегі ақынның орнында мұнда – пайғамбар, Аполлонның орнында – құдай, музаның орнында – алты қанатты періште Исрафил-Серафим. Қу медиен құла дүзде жан аңсарына сусап келе жатқан адамға Жаратқан Ие жіберген әлгі періште жолығады. Алты қанатты ақ құс жеп-жеңіл, жұп-жұмсақ сақинасымен жайлап қана маңайдан сипап қалғанда, адамның бар жан әлемін жаңғыртып, дүн-дүниені өзгертіп жібереді. «Шошып қалған бүркіттей бір, (Алғыр көзден жарқ етті нұр». Сол-ақ екен: «Естідім мен : көк тітіреп, (Періштелер гулеп ұшып, (Әбжыландар суда гүрлеп,/ Самсай қалды жерден шыбық» (Қалижан Бекхожин аудармасы). Онымен де қоймайды: «Қарысқан сол қу жағыма, (Дана жылан тілін салды». Түпнұсқада: «И вырвал грешный мой язык,/ И празднославный и лукавый». Мынандай ғажайып жер-жаһанды кәдуілгі пенденің күнәһар, даңғазаға бейім, аярға даяр тілімен жырлай алмайсың дегенді айтады ақын. Періште онымен де қоймайды : «Содан кейін көкірегімді, / Қылышпенен тіліп жарды./ Дірілдеген жүрегімді /Суырды да жұлып алды». Тілдің ерекше болуы аздық етеді екен, бәрінен бұрын ділдің ерекше болуы шарт екен. Бақсақ, шын ақын болуға бұл да жеткіліксіз көрінеді. Сонда барып: «Салды қызыл шоқты жанған,/Бос кеудеме қуыс қалған;/ Өліктей бір жаттым жонда, Құдірет үні жетті сонда :/»Тұр, пайғамбар, баста, тыңда,/ Өміріме ер де менің,/Жерді, суды кезіп, зырла,/Жандыр сөзбен ел жүрегін!». Пушкиннің қанатты сөзге айналып кеткен «Глаголом жги сердца людей!» дейтіні осы. Оның ақын атаулыға қалдырып кеткен асыл аманатына айналған бұл сөз – құдай сөзі. Қазақшасында «құдірет сөзі» деп жалпыламалау болып кеткен, әйтпесе түпнұсқада: «И бога глас ко

мне воззвал», деп ап-анық айтылған. Құдай ақынның сөзі хақтың үніндей шығуы керектігін еске салады, сондықтан оған пайғамбарға артатын сенімін де артады, сондықтан оған пайғамбарға айтатын сөзін де айтады.

Әрине, Пушкиннің бұл атақты жырының алтын арқауы шығармашылықтың мақсат-мұраты, суреткердің жауапкершілігі екендігі талас тудырмайды. Ол жайында жүздеген мақала, кітаптар жазылған. Мұны қайталай бергеннен келер пайда шамалы. Біздің айтпағымыз басқа. Айтпағымыз – Пушкин сынды ұлы таланттардың жырына әрдайым бір ғана қырынан қарап, туындыдан ап-айқын, түпкілікті, түбірлі ой түюге болмайтындығы. Шын классика әр қилы дәуірде, әртүрлі қоғамдық ортада алуан қырлы ақ алмастай құлпырып, жаңаша жайнап жатса керек. Біздіңше, бұл пікірімізге дәл осы «Пайғамбар» өлеңі дәлел. Бұрын арғы-бергіде өткен жақсы адамның бәрін қалайда құдайға қарсы етіп қоятын әдетіміз бар еді ғой. «Жил-был поп. Толоконный лоб» дегенінің өзі-ақ Пушкинді ақырып тұрған атеист атандыруға жетіп жататын. Тілдің тұсауы шешіліп, ойдың кісені ағытылғалы бергі он-он бес жылда бұл мәселеге көзқарас өзгерді деуге болады. Ресейде қазір Пушкиннің шығармашылығындағы діннің орны жан-жақты сөз етіле бастады. Дұрысында, бұл тақырып 1917 жылға дейінгі пушкинтануда, одан кейінгі кезеңде шетелдегі орыс әдебиеттануында ешқашан назардан тыс қалып көрмеген екен. «Пушкин в русской философской критике» атты қазір қолға көп түсе бермейтін кітапта (оны біз астаналық пушкинтанушы В.М.Кириллоадан алдық) он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасырдың басындағы орыс философтарының ұлы ақын туралы еңбектері топтастырылыпты. Сол жинақтағы бір дүниеге ғана тоқталайық. Кітапта орыстың көрнекті діндар философы Владимир Соловьевтің «Значение поэзии в стихотворениях Пушкина» деген көлемді мақаласы жарияланған екен. Елу беттік мақаланың басынан аяғына дейін тартылып жатқан бір желі – Пушкин шығармашылығында Мұхаммед пайғамбарға орын жоқ, болуы да мүмкін емес еді деген ой. Кезінде атағы жер жарған философ мақаласында жаңағы «Пайғамбар» өлеңін талдайды. «Кейбір сыншылардың айтуынша, бұл өлеңде поэзияның, ақынның уәзипасы туралы дәнеңе де сөз етілмеген: олар Пушкиннің «Пайғамбарын» кәдімгі, нақты пайғамбар деп ұғады, солай түйсінеді, кейбіреулері оны Тәураттағы пайғамбар десе, басқалары бұл жырды Құранға қатысты дүние санап, пайғамбардың бейнесінен Мұхаммедтің өзін көріп, танып жатады», деп бастайды. Мұнан кейін сөз саптауын сәл өзгертіп, «Значит, даже в том предположении, что пушкинский «Пророк» должен быть принят в собственном смысле, еще нужно решить вопрос, на кого он больше похож: на библейского пророка или на Мухаммеда. Но быть более похожим на последнего он не может уже потому, что между ним и Мухаммедом вовсе нет никакого сходства» (астын сызған біз – С.А), деп кесіп тұрып айтады.

Қош. Қазірдің өзінде бір мәселенің басы ашық. «Пайғамбардың» түп-төркіні дінге қатысты екендігі талас тудырмайды. В.Соловьев енді мәселені жырда қай пайғамбар жайында айтылған дегенге ғана тіреп тұр. Сондықтан бұл арада кешегі кеңес кезеңіндегідей «Пушкин ақынды пайғамбарға теңеп отыр ғой, бұл – поэзия туындысы ғой, онда ақын бейнелеп айтады ғой», деген сияқты ой қисынына қатып қалудың қажеті жоқ.

Осы тақырыпта пікір білдіру үшін алдымен жалпы Құран және Пушкин, мұсылман діні және Пушкин поэзиясы деген жайларға толығырақ тоқталу жөн. Жақында «Қазақ әдебиеті» көрнекті ақынымыз Қуандық Шаңғытбаевтың аударуында Пушкиннің «Құранға еліктеуін» жариялады. Бізге қолға қалам алдыртып отырған да сол аударма. Мұнан біраз бұрын, 1995 жылы ақынның «Махаббат пен ғадауат» жинағында басылған бұл цикл зиялы қауым назарын шындап енді ғана аударып отырған сияқты.

Қ.Шаңғытбаев Пушкиннің бізде бұрын көңілдегідей аударылмай келген бұл циклын барынша көркем етіп, әуен-сазын сақтап жеткізген. «Ант етем дақ сан, жұп санмен, /Ант етем Шолпан, қылышпен,/ Ант етем кешкі құптанмен,/ Ант етем жиһад ұрыспен». Құран сөзі деген, міне, осылай келсе керек.

Пушкин Құранның эстетикалық құндылығын ерекше бағалаған болатын. Ең әуелі Михайловскіде, қиналып жүрген шағында оқып : «В пещере тайной, в день гоненья,/ Читал я сладостный Коран», деп жазғаны көп жайды аңғартады. «Балшырын» деген сияқты сөзді Пушкин оңай жерге қимаған. Және ол мұны барынша сезініп, барынша түйсініп барып айтқан. Пушкиннің Құранды соншалықты жетік білгені қайран қалдырады. Мамандардың айтуынша, Пушкиннің осы тақырыптағы жырларында қасиетті кітаптағы 114 сүренің кем дегенде 33-інің сарындары қамтылған екен ! «Не істеймін десе де бір Алланың құдіреті жетеді» (Бақара сүресі, 20 аят), «ол барлық нәрсені түгел білетін құдірет» (Бақара сүресі, 29 аят), «оның қаһары қатты» (Бақара сүресі, 196 аят), «кімнің не істегенін көріп тұрады» (Ғимран сүресі, 156 аят), «... көк пен жерді алты күнде жаратты. Одан соң ғарышқа (таққа) отырып, әмір жүргізді. Күндізді кешпен жапты, кешті күндізбен алмастырды. Өзінің бұйрығына бой ұсындырып, күн, ай, жұлдыздарды жаратты (Ағраф сүресі, 54 аят), «Ол мәңгі тірі, бар нәрсені басқарып тұр. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Оның басқаруына көктегі, жердегінің барлығы кіреді». (Бақара сүресі, 255 аят). Осы сарындардың қай-қайсысы да «Құранға еліктеуде» бар.

Белгілі әдебиетші С.Фомичев 1824 жылдың қазан айына қарай Пушкиннің қолында Құранның французша нұсқасы да (М.Савари аудармасы) болған деп санайды. Сол басылымға алғысөз ретінде Мұхаммед пайғамбардың егжей-тегжейлі ғұмырбаяны берілген көрінеді. «Құранға еліктеуді» мұқият оқыған, оның үстіне пайғамбарымыздың өмірімен аз-кем таныс адам бұған күмән келтірмейді. Расында да, Пушкин жырында Мұхаммед пайғамбардың

ғұмырындағы белесті кезеңдердің бәрі дерлік қамтылған. Қараңызшы: бірінші жыр («Ант етем дақ сан, жұп санмен») Мұхаммедтің Меккеден Мединеге қоныс аударуын (Григорий күнтізбесімен алғанда 622 жыл – Хиджра, мұсылман күнтізбесінің бірінші жылы), екінші жыр («Нәбидің ару жарлары») пайғамбардың Зейнепке үйленген тұсын (627 жыл), үшінші жыр («Тіксінді кенет пайғамбар») Меккеден қуылған кезін (622 жылға дейін), алтыншы жыр («Түсімнен кеттім оянып») Меккеге қайта оралған тұсын (630 жыл), жетінші жыр («Қорқағым, бойды жи») таудағы үңгірде алғаш рет Құдай аян берген кезді (609 жылдан кейін) өлеңмен өрнектейді. Тағы бір мысал. Зерттеуші К.С.Кашталева Пушкин Құранды М.И.Веревкиннің прозалық аудармасынан оқығанын кезінде дәлелдеген. Ақын Құранның сол мәтініндегі: «Создал горы, удерживая землю от движения... покрыл их небом, поддерживая оное, да не падет на них...», деп келетін жолдарды жыр тіліне былайша түсірген:

*Қозғалтпай аспан, дүздерді,
Көтеріп тұрсың, тәңірім.
Қалмайды ол басып біздерді,
Мықты ғой сенің әмірің.
Жандырдың күнді, о Алла,
Аспан мен жерді жарық қып;
Түсірдің сәуле ғаламға,
Жұпарға жұртты қарық қып.*

Міне, ұлы ақын Жаратқан Иенің құдіретін осылай жырға қосқан. «Құранға еліктеуде» қасиетті кітаптың орталық образы – Алла бейнесі мүмкін болғанынша жан-жақты ашылған. Әрине, мүмкін болғанынша. Адам деген Алла бейнесін ешқашан толық аша алмайды.

Құранның түп нұсқа мәтіні бастан аяқ, түп-тұтас ішкі ырғаққа құрылғаны мәлім. Түптеп келгенде оның ақ өлеңмен жаралған поэзия туындысы екені ешқандай талас тудырмайды. Мақамына келтіріп оқығанды тыңдаған сайын қай-қайсымыздың да құлағымыздың құрышы қанып, бір ауыз мағынасын ұқпасақ та, сөздің сиқыр сазына елтіп, әлдеқайдан құйылып келіп жатқан үндік үйлесіміне ұйып қалатынымыз да сондықтан. Мұсылман әлеміндегі дін ғұламаларының қай заманда да Құранның тек арабша нұсқасы ғана дауыстап оқылуын қатты құнттайтынында, тіпті қадағалайтынында үлкен мән бар: түпнұсқаның бір құдіреті оның эмоциялық-интуитивтік бастауы басым болып келетінінде: киелі кітаптың адамның жанын баурап алып кететін керемет қасиеті ғажайып сөз сазында жатыр. Мұхаммед пайғамбардың көзі тірісінде Құран сүрелерінің негізінен жатқа айтылып таралғаны оның мәтінінің әуезділігін, үнділігін барынша ұштай түскен деп шамалауға болады. Пушкин мұны білген, білмесе – сезген. Мұхаммед пайғамбардың жаңа дінді дүниеге әкелуі қандай азапқа түскенін анық түсінген. Оның үстіне Пушкин осы жырды жазған тұста өзі де қуғын-сүргін көріп, жақын жандарының тарапынан да түсіністік таппай, торығып жүрген болатын. 1824 жылы П.А.Вяземскийге жазған хатында: «Между тем принужден был бежать из Мекки в Медину, мой Коран

пошел по рукам – и доныне правоверные ожидают его», деп әзілдейтіні бар. Ұлы ақын «Құранға еліктеуінің» соңғы шумағында қасиетті кітаптың құдіретін шарықтатып әкеткен:

*Тал бойына толып қайрат, үміт, бақ,
Жолаушыға қайта оралды жігіт шақ;
Қуанышы төгіліп те шашылып,
Жолға шықты Жасағанға бас ұрып.*

Дәл сондай кезеңде Құранға жолыққан ақын:

Мықты ғой Алла тағала:

Мұхаммед алса Құранды,

Бізге де түсер самала,

Сыпырып көзден тұманды, –

деп бір мезет қасиетті кітаптан медет күткендей де сыңай танытады.

Пушкиннің «Бізге де түсер самала» деп отырғаны Құрандағы: «Кәпірлер кейде неге мұсылман болмадық екенбіз, – деп армандайды.

Ей, Мұхаммед ! Оларды еркіне жібер. Жеп-ішіп, ойнап-күліп жүре берсін.

Өздерінің армандарын қусын. Жағдайларын кейін біледі»(нижір сүресінің 2,3 аяттары) деген сөздерді еске салады. Кешегі кеңес

әдебиетшілерінің, бүгінгі орыс пушкинистерінің ақын

шығармашылығындағы Құран сарындарын онша ауызға ала

бермейтінінің, кейде көпе-көрінеу көзге ұрып тұрған дүниенің өзіне бет

бақтырмай қоятынының бір себебі осында ма деп те ойлайсың...

Енді негізгі түйінді тұсқа келейік. Шынында да, В.Соловьев айтқандай,

Пушкин өлеңіндегі пайғамбар мен Мұхаммед пайғамбардың арасында

«ешқандай ұқсастық жоқ» па екен ?

Бар ! Бар болғанда қандай.

«Духовной жаждою томим,/В пустыне мрачной я влачился», деп

басталады «Пайғамбар» жыры. Мұның орысшасын алып отырғанымыз –

аудармада осы екі жол «Жан аңсары сусағанда,/Талықтым мен меңіреу

жонда» деп келтірілген. Бізге бұл арада «пустыня» өте керек болып тұр.

Мұхаммед пайғамбар әуел баста өзінің жақын адамдарынан әбден көңілі

қалып, Меккенің маңындағы Хира шөліне жападан жалғыз кете беретін

болған. Пушкин осыны мезеп отыр. Ал мына шумаққа не айтасыз? Өзін

тағы бір оқиықшы.

Содан кейін көкірегімді ,

Қылышпенен тіліп жарды.

Дірілдеген жүрегімді

Суырды да жұлып алды.

Тәуратта (Библияда) бұл сарын жоқ. Онда мұның алдындағы сарын

(«Қарысқан сол қу жағыма, (Дана жылан тілін салды»/ ғана бар. «Тогда

прилетел ко мне один из серафимов, и в руке у него горящий уголь,

который он взял клещами с жертвенника и коснулся уст моих , и сказал:

вот, это коснулось уст твоих, и беззаконие твое удалено от тебя, и грех

твой очищен», делінген Исаяя пайғамбар кітабындағы алтыншы

тарауда. Ал мына сарын жоқ. Оны нық сеніммен айта аламыз. Болса

пушкинистер баяғыда табар еді. Енді Құранды оқиық. Шарх сүресі былай басталады :

(Ей, Мұхаммед!) Сенің кеуденді ашпадық па? (1 аят).

Алла тағала дәл осылай деген. Оның ар жағында күнәдан арылу сарыны былай жалғасады : «Сенің арқаңдағы ауыр жүкті де алып тастадық. Сенің даңқыңды асырдық» (Шарх сүресі, 2,3,4 аяттар). Мұхаммедтің пайғамбарлық жолы әуелде осылай басталған деп түсіндіреді қасиетті кітап.

Пушкин бұл сарынды тек Құраннан оқып қана алып отыр ма? Осы арасына тоқталайық. Бұл үшін хадистерге арқа сүйемеске болмайды. Бір өкініштісі, бізде хадистерге әлі де аз көңіл бөлініп келеді. Оларға «Мұхаммедтің сөзі мен істерін дәріптейтін аңыз-әңгімелер» деп ауыз әдебиетінің бір саласындай қарайтын әдет бар. Ал дұрысында хадистер ісі мұсылман баласы үшін Құраннан кейінгі екінші құқықтық құжат саналады. Әсіресе, исламды жаңа жағдайға бейімдеуде хадистердің алған орны, арқалаған жүгі ерекше. Хадис жинау орта ғасырларда мұсылман мәдениетінің ең негізгі саласының бірі саналғаны да, олардың ислам дамуының бар кезеңін қамтитын құнды жәдігерлік болып табылатыны да сондықтан. Ал енді сол хадистер не айтады? Олардың арасындағы аса беделді нұсқалардың бірі – Мұхаммед әл-Бұқари құрастырған «Әл-Жәми әс-Сахих» («Ақиқат жинағы») атты кітап дейді білетін мамандар. Сонда баяндалған жайды В.Панова мен Ю.Вахтин сөзбе-сөз дерлік пайдаланып, төмендегіше келтіреді: «...Оқиға былай болғанға ұқсайды. Аспанда күн күлім қаққан, ашық-жарық, нағыз сиыр сәске тал түс кезі. Халима (Мұхаммедті емізіп жүрген бәдәуи әйел – С.А.) күйеуімен қостың ішінде ұсақ-түйек шаруа істеп шүңкілдесіп отырды. Мұхаммед пен оның емшектес ағасы қозыларды қарап, үй іргесінен сәл-пәл аулақта ойнап отырған. Бір кезде олардың жанына малынып ақ киген екі адам келді (Балалар олардың періштелер екенін қайдан білсін). Біреуінің қолында іші ақ шекердей аппақ қарға толы алтын шылапшыны бар.

Олар Мұхаммедті шалқасынан жатқызып, кеуде сүйегін іреп ашып, жүрегін шығарып алған. Жүрегінде қара дақ бар екен, соны алып, былай тастап, баланың жүрегі мен ішкі сарайын аппақ қармен жуып тазартып, жүректі орнына салған да, бұрылып кете беріпті. Емшектес ағасы ойбайды салып үйге жүгіріп, көрген-білгенін әке-шешесіне баян еткен. Зәресі жаһаннамға кеткен Халима мен күйеуі далаға шықса, Мұхаммед аппақ болған бетінде қан-сөл жоқ демесең, қалған денесі дін аман, анадай жерде состып тұр. Өкіл әке-шешесінің сауалына емшектесінің сөзін құптап, көрген-білгенін баян етті. Бұл оқиғадан Халиманың жүрегі ұшқаны соншалық, Мұхаммедті тірісінде анасының қолына тапсырып, пәле-жаладан аулақ болуды ойлады. Мұхаммедке бір тосын оқиғаның жабысқанын іші сезді».

Замандастары бұл әңгімені Мұхаммедтің өз ауызынан бір емес, бірнеше қайтара естіген. Құдайдың әмірімен періштелер мені күн дертінен тазартып, аққұла айықтырып кетті деп отырады екен» («Мұхаммед

пайғамбардың өмірі», 39-40 беттер). Бұл Мұхаммедтің төртке қараған кезі еді дейді. Ал пайғамбардың серіктестерінің бірі – Әбу Хұрайра ол оқиға Мұхаммедтің қырыққа толған шағында болған деп санайды. Қалай дегенде де, хадистердің қай нұсқасында да Жебірейіл періштенің Мұхаммедтің кеудесін жарып, жүрегін тазартып шыққаны айна-қатесіз айтылады. Түрік авторы Махмұд Бақы (1526-1600) хадисті Мұхаммед пайғамбардың тікелей өз атынан баян етеді: «Құдайдың үмбеті бір жолы туысқандарының арасында отырғанда әлдеқайдан үш ер кісі келгенін әңгіме етіп шертетін. Біреуінің қолында алтын шылапшын бар екен, ішіне қар толтырып қойыпты. Әлгілер жаныма жақындай түсіп, мені шап беріп ұстай алды, сол сәтте-ақ туысқандарым мені тастап кете барды. Кісілердің біреуі дереу шалқамнан жатқызып, кеуде тұсымды жарып кеп жіберді. Мен болсам осының бәріне салқын сабырмен қарап тұрмын, еш жерім ауыратын емес. Тағы біреуі ішек-қарнымды алып шықты да, мұз салынған шылапшынға тастап, жуды, сөйтті де қайтадан орнына қойды. Енді біреуі жүрегімді суырып шығарып, тілшеліп тілді де, ұйысып қалған қара қанды алып, анадай жерге лақтырып жіберді. Мұнан кейін әлгі кісі бірдеңе іздегендей кеудемнің оң жақ, сол жағына қолын жүгірте бастады. Кенет қолындағы сақинаға көзім түсіп кетті, жалт-жұлт ететіні сондай көрген адамды естен тандырардай көз қарықтырады. Әлгі кісі жаңағы сақинасымен менің жүрегіме ен салды, сол-ақ екен жүрегіме пайғамбар нұры төгіліп, ақыл-ой кернеп ала жөнелді. Жүрегімді кеудеме қайта салып берді. Енді әлгі сақинаның қай жерде қалғанын сезіп жаттым.

Бір кезде барып үшінші кісі қарын тұсымдағы жараны сипап өтті. Сол-ақ екен, Алла тағаланың құдіретімен жаңағы жарам жазыла қалды. Әлгі адам қолымнан жайлап қана тартып еді, мен орнымнан тұрып кеттім».

Пушкиннің тұсында хадистер орыс тіліне аударыла қоймаған еді деседі. Онысын білмедік. Тегі, ақын мұны французшадан оқыған сияқты. Бұл арасын әлі анықтай түсу қажет болады. Дәл қазір мәселе онда емес. Мәселе ақын жырындағы негізгі сарын Құранға да, хадиске де сайма-сай келіп тұрғанында, мұның тіпті де тегін еместігінде. Ал ақын жырында еврейлердің Исаяя пайғамбары мен арабтардың Мұхаммед пайғамбарының аңыздары (ауызға жыланнның тілін салу мен кеудені жарып, жүректі жуу) қатар-қабат өрілетініне келсек, оған таңданудың жөні жоқ. Түп-тұқиянынан тартсаңыз, арабтар да, еврейлер де бір кісінің – Ыбырайымның (Авраам) балалары. Еврейлер Ыбырайымның Сарасынан туған Ысқақтың (Исаак), ал арабтар Ажардан туған Ысмайылдың ұрпағы. Құран мен Тәуратқа ортақ пайғамбарлар да көп екенін жұрттың бәрі біледі. Бір кіндіктен тармақ тұрмақ, тарихтың бел ортасында барып араласып-құраласа бастаған халықтардың мифологиясында да ортақ сарындар бола беретінін бәріміз білеміз.

Сонымен, біздіңше, Пушкин өлеңін құдірет етіп тұрған басты сарын Құраннан алынған деп сеніммен айтуға негіз бар.

Ал енді, өлеңнің кейіпкері кім дегенге келейік. Бұл үшін «Пайғамбардың» түйінін қайта оқимыз. Құдай үніне құлақ түрелік:

*Тұр, пайғамбар, баста, тыңда,
Әміріме ер де менің,
Жерді, суды кезіп, зырла,
Жандыр сөзбен ел жүрегін !*

Әдебиетші Х.Г.Короглы бұл сауалдың жауабын бірер ауыз сөзбен-ақ берген: «Мұндай сөз дүниеге жаңа дін, әлемдік дін алып келген адамның, яғни Мұхаммед пайғамбардың ғана бойына сыяды. Теңіз асып, шөл басып жүріп жұрт жүрегін жалын сөзбен жандыру Мұхаммед пайғамбардың ғана қолынан келді». Бұл ой қисынына ден қоймауға, дес бермеуге болмайды. А.С.Пушкиннің «Пайғамбар» атты жыры ақынның эстетикалық көзқарастарының өзіндік бір жиынтығы іспетті деп айтуға келеді. Бұл өлеңде ұлы ақын өнер құдіретін, ел сөзін ұстаған адамның жауапкершілігін жеріне жеткізе жырлаған. Ал енді осы айтқанымыз өзіміздің жоғарыда дәлелдеп отырған ойымызға – «Пайғамбардың» сарыны Тәураттан емес, тікелей Құраннан алынған, ол жырда пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайссаламға құдірет күштің қалай қонғаны, оның Алла тағаладан қандай аманат алғаны айтылады деген тұжырымымызға қайшы келмей ме?

Жоқ. Қайшы келмейді. Өйткені, бастан аяқ өлеңге бергісіз қара сөзбен өрілген Құранның өзі де өнердің өлмес, өшпес туындысы. Жер жаралып, су аққалы бергі ең ұлы жыр. Солай болғандықтан да «ұлы Петрдің арабы» Ыбырайымның (Ибрагимнің) ұрпағы – данышпан Пушкин өзінің өлеңдер циклының болмыс-бітімін «еліктеу» деп сыпайы ғана сипаттау арқылы да Құранды қандайлық құрмет тұтатынын көрсетіп, Алланың алдында тағзым ететінін танытып отыр.

Білген жанға бұл да үлгі.

**Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
филология ғылымдарының докторы**